

А 2006

6049 к

**В. ВЕРЕСАЕВ**



**ТЫҒЫРЫҚТА**



**ӨМІРГЕ БЕТАЛЫС**

**В. ВЕРЕСАЕВ**

# **ТЫҒЫРЫҚТА**

*Роман*

# **ӨМІРГЕ БЕТАЛЫС**

*Хикаят*

Орысшадан аударған  
**Жұмағали Ысмағұлов**



Алматы  
"Жазушы"  
2005

ББК 84Р7-44  
В 31

*Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт  
министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылды*

**Вересаев В.**

**В31 Тығырықта. Өмірге беталыс.** Роман және хикаят  
(Аударған Ж. Ысмағұлов). – Алматы: Жазушы, 2005.  
-352 бет.

ISBN 9965-746-22-2

Ұсынылып отырған кітапқа көрнекті орыс жазушысы В.В.Вересаевтың “Тығырықта” романы мен “Өмірге беталыс” хикаяты енген. Алғашқысында большевиктік атып-асу сияқты аласапыран кезеңдер ақиқаты, ал екінші туындыда тығырық жылдар дүрбелеңінде тауы шағылып, тарыққан зиялылардың ішкі күйзелісі суреттеледі.

В 4702010201-011  
402(05)-05

ББК 84Р7-44

ISBN 9965-746-22-2

© В.Вересаев  
© “Жазушы”, 2005



## АЛҒЫ СӨЗ ОРНЫНА

*Құрметті оқырман!*

Сіздің қолыңыздағы кітапқа заманындағы көрнекті орыс жазушысы В.В.Вересаевтың “Тығырықта” (“В тупике”) атты романы мен “Өмірге беталыс” (“К жизни”) атты хикаяты енгізілген.

Алдымен автор туралы қысқаша мәлімет. Жас жағынан ұзақ өмір сүріп (1867–1945), кезінде М.Салтыков-Щедрин мен В.Гаршиннің, В.Короленко мен Л.Толстойдың, А.Чехов пен М.Горькийдің замандасы болған, ал кешегі кеңестік құрылыс тұсында М.Шолохов, А.Твардовский, Л.Леонов сияқты көрнекті орыс қаламгерлерімен тұстас болып, бір қоғамда өмір сүрген кісі.

Он тоғызыншы ғасырдың аяғында жас марксшілдер үйірмесінде болып, халықшылдардың тарих сахнасындағы сәтсіздігін көзбен көрген, орыстың үш бірдей революциясын бастан кешірген, төрт соғыстың (орыс–жапон, бірінші дүниежүзілік, азамат және Ұлы Отан соғыстарының) от-жалынына шарпылған қаламгердің өмір соқпақтары қаншалықты күрделі болғаны айтпай-ақ белгілі. Демек, оның кейіпкерлеріне де сол тарихи кезеңдердің қайшылықтары тән болғаны түсінікті.

Мәселен, романның басты кейіпкері дәрігер Иван Ильич Сартанов – патшалық құрылыс кезінде майдан мен бейбіт өмірдегі өлім жазасына да, жалпы адам қазасына да үзілді-кесілді қарсы болып, қатты қуғыншылыққа ұшыраған адам. Оның сол гуманистік көзқарасы Қазан төңкерісі мен азамат соғысы тұсында да өзгермей, соның салдарынан жаңа құрылыс тарапынан да жазықты болады. Саяси көзқарасы жағынан социализм идеясын қолдай отырып, Ресейдегі Қазан төңкерісін қабылдамайды, большевиктердің зорлықшыл, қатаң тәртібіне жан-тәнімен қарсы шығады. Мұның бәрін тұйыққа апарып қамайтын тығырық деп түсінеді.

Романда азамат соғысы кезіндегі ақтар мен қызылдардың қантөгіс қимылдары, олардың бір-біріне ғана емес, тіпті арадағы бұқара халыққа да көрсеткен әділетсіз ату-асу шаралары анық әшкерелеу тұрғысынан суреттеледі. Осындай

көзқарастары үшін шығарманың бас кейіпкері большевиктер тарапынан қатаң жазаға тартылып, ақыры өліп тынады. Әйелі басбұзар қызыләскерлер қолынан айуандықпен қазаға ұшырайды. Олардың гимназияда оқып жүргенде марксистдер қатарында болып, сол үшін абақтыға түскен, айдауда болған кіші қыздары да кейін большевиктердің ату-асу шараларына қарсы шығады.

Осындай көрінеу контрреволюциялық тұрғыдан жазылған бұл шығарма кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында жарық көреді де, оның авторы кейінгі отызыншы жылдардағы қатаң қуғындау шараларынан да аман қалады.

Оның себебі де қызық, тіпті кездейсоқтық сипатта көрінеді. 1922 жылы романын аяқтап, Қырымнан Мәскеуге ауысқан автор шығармасын баспаға ұсынғанда, оның директоры Ангарский деген кісі сол кездегі Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары Л.Б.Каменевпен таныстығын пайдаланып, қолжазбаны үкімет құрамындағы беделді басшылардың оқуына ұсынады. Олар революция кезіндегі жолсыздықтар мен қате-кемшіліктерді халықтан жасырмай көрсету қажет деген пікірмен шығарманың жарық көруіне жол ашады. Сол басшылардың ішінде И.Сталин мен Ф.Дзержинский де болған екен.

Алғашында осы ретпен баспа жүзін бір көріп қалған шығарма кейін заман өзгере, талай күйге түскен кезде, қаншалықты қатаң сынға ұшырап, цензураның қайшысымен қалай туралса да, алғашқы нұсқасы сақталып қалғандықтан, сексенінші-тоқсаныншы жылдардағы жариялылық тұсында өмірге қайтадан оралған.

Вересаев сынды ірі жазушының қаламынан туған бұл шығарманың сол кездегі шындықты қаз қалпында көрсеткен тарихи маңызы ескеріліп, енді қазақ тіліне аударылуында осындай қисын бар.

Жинақтағы “Өмірге беталыс” атты хикаяттың тарихы да осыған ұқсас. Мұнда бірінші орыс революциясы жеңіліске ұшырап, оның белсенді ұйымдастырушылары талқандалғаннан кейінгі өмірден тауы шағылып, тарыққан зиялылардың ішкі күйзелісі суреттеледі, біреулердің өмірден біржола бас тартуы, ал енді біреулердің ұзақ жан азабын тартқаннан кейін белсенді тіршілікке қайта оралу жолы бейнеленеді.

Ондай шығарманың да танымдық мәні ескеріліп, оқырманға тәржіма нұсқасында ұсынылып отыр.

Аудармашы

# Т Ы Ғ Ы Р Ы Қ Т А

## Роман

Айқасқан зұлымдықпен нала сында  
Риясыз періштелер Тәңірі сенген,  
Ымдасып қара тобыр арасында  
Бейтарап, әрі-сәрі қала берген.  
Аллаға ашық қарсы келмесе де,  
Адалдық пейілдерін танытпаған.  
Сол үшін аласталып көк жүзінен,  
Бас сұғып кіре алмаған тамыққа да.

*Данте. Тамық. III. 37-42.*

## Бірінші бөлім

Көлкіген көк теңіздің жағасында  
Көңілсіз күн кешіпті бір кемпір-шал.

Дауыл күндері ақжал толқындар терезе қақпаларын жасылмен сырлаған қызыл қыш төбелі бәлекей ақ үйдің дәл іргесіне келіп соғылады. Пирогов съездерін құр жібермейтін қауымшыл қартаң дәрігер Иван Ильич Сартанов әйелі мен қызы үшеуі осы мөлтек үйде тыныштық өмір сүріп жататын. Пинжагының астынан қиғаш жағалы көйлек киіп, ақ бурыл шашы иығына дейін жауып тұратын, салалы шоқша сақалы бар, ұзын бойлы бұл кісінің арықша тұлғасы орыс дәрігерлерге жақсы таныс еді. Съезд кезінде ол мінберге бір қырындап көтеріліп келіп, өлім жазасына кесілгендердің есеп-қисабын келтіріп, сонсоң өзінің үзілді-кесілді қарар жобасын айта бастағанда, полиция приставы орнынан ұшып түрегеліп, оның сөзін аяқтатпастан, жиналысты жауып тастар еді. Соғыс кезінде ол съезде майдандағы өлгендер мен жаралы болғандардың санын келтіріп жатқанда, аузынан “қасап” деген бір сөздің шығып кетуі мұң еді, өзі де Бутыркадан бір-ақ шыққан. Осыдан бір жыл бұрын, енді Кеңес өкіметінің түсында, өз губерниясындағы дәрігерлер қоғамында, бұрынғы

әдетінше, ай-түйге қарамастан, большевиктердің ату жазаларына қарсы сөйлеп бермесі бар ма?! Сол үшін Төтеншенің адамдары оны тұтқынға алды да, екі сәудегер мен бір қаражүздік генералға қосақтап, Мәскеуге жөнелтті. Жолда кетіп бара жатқанда, Иван Ильич баяғы жас кезіндегі Сібірдің айдауынан екі рет қашып кеткенін еске алып, түнгі жүрістің бәсеңдеген бір тұсында пойыздан секіріп түсіпті де, бой тасалап қалыпты. Содан бір дос-жарандары жалған паспорт тауып беріп, неше түрлі әуре-сарсаң арқылы әрең деп Қырымға жеткен ғой.

Ақпанның есірік ызғырығы теріскейден соғып тұрған соң, Иван Ильич отынды сарайға апарып ұсақтап жатқан. Қолында корзинкасы бар Анна Ивановна сарайға асығыс бас сұқты.

— Иван Ильич, мен тұтынушылар дүкеніне кетіп барамын, Катя кір жуып жатыр. Отынды қоя тұр да, сен барып борщты ыңғайлай бер. Сөреден бір қасық үн алып, жарты стакан суға бұлға, — су онша ыстық емес, салқындау болсын! — сонсоң борщқа құй да, бір рет қайнатып алып, духовкаға қоя сал. Түсіндің бе? Жарты сағаттан кейін, мен қайтып келісімен, түстік ішеміз.

Әйелі ерінің қажыған өңіне мазасыздана бір қарап, аяғын асыға басқан күйі қақпаға қарай беттеді.

Ас үйге қарай жүрген Иван Ильич сөренің үстіндегі дорбаларды көпке дейін түрткілеп жүріп, ұнды суға бұлғағаннан кейін, борщты плитаның үстіне қойды. Теңіздің суына апарып шайқаған бір леген кірін көтеріп Катя кірді. Білегін шынтағына дейін түрген қыздың жіп-жінішке қолдарын аяз сорған, қып-қызыл, екі көзі елеңдеп жалт-жүлт етеді:

— Қарашы, папа, кірді қалай жуғанымды.

Иван Ильич қайнаған кәстрөлге үрке қарап тұр.

— Ие, ие! Өте әдемі екен... Байқа, анау тасып кетпесін...

— Тасымайды. Қарашы! — Қызы ақжайманы көзінің алдына жайып көрсетті. — Күнге шағылысқан қар сияқты жарқырап тұр ғой! Кәдімгі сақарға салған ба дерсің! Міне, енді айта аламын, кір жуа білемін деп. Айтшы өзің, шын-ақ жақсы емес пе?

— Ие-ие, жақсы ғой, әрине!

— Кір жуудың әдісін таптым мен. Сабын да көп кетпейді.

— Соған зорланудың қанша қажеті бар екен? Ақшылы не, сарғышы не, — бәрі бір емес пе!

— Жоқ-ә! Істеген соң, дұрыстап істеу керек... Біздің ана тау басындағы қар сияқты болсын! Шіркін десейші! Түү, озың селт етпедің ғой!..

– Тұра тұр! Қайнап қалды ғой!

Отағасы абайлап кәстрөлді плитадан алды да, духовканың ішіне қойды. Катя әлі де қызулана сойлеп тұр:

– Мен саған түсіндірейін оны. Бірден жуа бастаудың керегі жоқ. Әуелі кірді суық суға салып қою керек, сіңіп қалған дақтарын жібіту үшін. Сонсоң жақсылап шайып, сығу керек. Содан кейін үстіне су құйып, қайнату керек...

– Қойшы, қарағым, мен оны бәрібір түсінбеймін... Барып отын ұсақтап келейін.

– Бар болғаны сол-ақ! Аздап ысқыласа болды... Өте қызық! Барып жайып келейін.

Иван Ильич ілбіп сарайға кетті де, отын ұсақтауға кірісті. Қимылы тым баяу, қол сілтеуі сылбыр. Бір-екі томарды жарады да, балтаны сылқ еткізіп тастап жібереді, ентігіп, қызыл иек аузын сәл ғана ашады.

Бір кезде Катяның дауысы естілді:

– Папа, тамаққа жүр. Мамам келді.

Иван Ильич бір күшақ отынды иығына көтеріп алып, ас үйге ентелей кірді. Анна Ивановна отырғыштың үстінде екі иінін салбыратып отыр еді, Иван Ильич кіре бергенде еңсесін көтеріп алды. Отағасы отынды бұрышқа таман түсірді.

– Ал, қалай, керосин алдың ба?

– Тұтынушылар дүкеніне түспепті. Босқа барыппын. Ұн да жоқ.

Катя борщты әкеліп үстелдің үстіне қойды. Анна Ивановна қақпағын ашып, кәстрөлдің ішіне қарады да, анырып қалды.

– Құдай-ау, сен не салып қойғансың?

Иван Ильич те селт етіп қалды.

– Не салғаны несі? Өзің айттың емес пе, ұн сал деп.

– Әй, құдайым-ай! Бәсе, айттым ғой!.. – Анна Ивановна борщты ожаумен былғап көрді де, кейіген күйде қайтадан түсірді. – Сенің салғаның картоптың ұны ғой, быламық болып қалыпты. Кішкентай бала сияқты, бұған ешнәрсе тапсыруға болмайды.

– Қойшы әрі? Шынымен картоптың ұны ма екен? – деп Иван Ильич қипақтап қалды.

– Қалай көрмейсің сен, картоптың ұны екенін?

– Көргенде не істейін, аппақ ұн – оның қандайын кім біліпті? Жә, оқасы жоқ. Әйтеуір, қоректік заты ішінде ғой. Кәне, көрейінші. Бәсе, айтам ғой. Тіпті өте дәмді-ақ.

Анна Ивановна, реніші тарасын дегендей, ұсақталған отынды кептіру үшін плитаның үстіне жайғастырып қоя бастады. Тамаққа ынтыға бас қойған Катя наннан бір тістеп алып, сөйлеп жатыр:



– Оның есесіне нан сондай дәмді екен! Нағыз бидайдың наны, тойғанша соға бер. Естерінде ме, Пожарскідегі нанның қандай екені: күніне жарты қадақтан, оның өзі сабан аралас, жарым-жартысы кендірдің үгіндісі емес пе еді!

Бетінде жылтырағы жоқ, үсіген жылымшы картоп татыған, майсыз борщтан кейін, бұлар шай ішті, шай дегендері – қайнатқан итмұрынның дәні, қант болса да жоқ. Ашқұрсақ ауқат пен ауыр жұмыстан кейін төбеті түскір төттіге шабады ғой. Бәрі де рақаттанып ішкендей сыңай танытады. Бірақ ішек шұрылдайды, көңіл күлазиды.

Анна Ивановна ренішті әңгіме бастады:

– Глухарь Тимофей төбені жондеуге тағы келмеді ғой. Осымен үшінші рет өтірік айтып отыр, ертең жаңбыр басталғанда қайтпекпіз?..

Катя күліп жіберді.

– Ханымдар мен мырзалар, баяғыда, естерінде ме, студенттердің тұрмысын айтып, зорелерің ұшпаушы ма еді: “Байғұс студенттер-ай! Бар қоректері шай мен шұжық қана!” – деп. Коздеріңе айқынырақ елестетіп көріңдерші: нағыз қытайдың шайы, аязды күнге шағылысқан ақша қардай аппақ қант, қызара бөрткен француздың болкесі, арасына шошқаның аппақ майын тыққан қызғылт шұжық... Бейшара, байғұс студенттер-ай!

Үшеуі де күліп жіберді. Расында да, осының бәрін еске алып, қазіргімен салыстырудың өзі күлкі еді. Аздап көңілдері сергіп, реніш сейіле бастаған. Катя өз сөзіне өзі елігіп, сөйлей берді:

– Немесе, студент калаштары естерінде ме? Сыры кетіп, сыртына жарықшақ түскен, бір окшесінде ғана кішкентай тесігі бар! Ойлап қараңдаршы, калаш қой! Аяғыңа ілесіп, үйіңе жападай балшық келмейді, тек бір окшенде ғана сәл-сәл дымқыл бар!.. Шын-ақ-ау емес пе, байғұс студенттер?

Сыртқы есік тықылсыз ашылды да, ас үйге ажары әп-әдемі қыз кіріп келді: басында қалың орамалы бар, екі беті албырап, аялы коздері мөлдіреп тұр; жалғыз-ақ апандай аузы ашқарақ көрінеді.

– Қайырлы күн!

– Ә, Уляша! Келіңіз шайға.

Қыз үстелдің үстіне екі шөлмек сүт қойды да, өзі қызарақтап, орындыққа отырды. Ас үйде әрлі-берлі жүрген Иван Ильич одан сұрай бастады:

– Ал большевиктерден не жақсылық хабар бар? Қазір олар қайда екен?

– Сіз оны өзіңіз де анық білетін шығарсыз.  
– Біз қайдан білейік?  
– Неше қаладан пошта келіп еді, жәмшік айтты, –  
Джанкойда дейді.

– Ойдойт! Қарқындары күшті екен ғой!.. Немене, деревня  
адамдары күтіп отыр ма?

Уляша үндеген жоқ, миығынан жымия күліп, бұрышқа  
қарады.

– Большевиктер өздерінде де аз болмаса керек!

– Кім біледі оларды... – Қыз қысылғандай жымиып сәл  
отырды да, қойып қалды: – Бәрі де большевик қой!

– Солай ма?

– Папа да большевик. Біздің үйдің бәрі большевиктер.

– Сіз де солайсыз ба?

– Ие, солай.

– Ал большевизм деген не?

– Оны өзіңіз де білесіз.

– Жоқ, білмеймін. Әркім өзінше айтады.

– Бер жағыңыз ғой.

– Шынында да, большевизм деген не нәрсе?

Уляша үнсіз отырып қалды.

– Саяжайларды тонау деген сөз.

– Немене?!

Иван Ильич ас үйді басына көтере қарқылдап күлді.

– Өте дәл және дұрыс айтады. Жарайсыз, Уляша!

Енді Катя сөйледі:

– Әнекей, Уляша, сіз ғой өзіңіз айтып отырсыз, мен де  
большевикпін деп. Сонда сіз де бізді келіп тонамақсыз ба?

– Бәрі де тонайды. Қазір уәде байласып жатыр. Ешкімді  
қалыс қалдырмайды. Біз одан несіне тартынамыз?

– Сонда өзге емес, нақ саяжай иелерін тонайтын себебі  
не?

– Олар – байлар.

– Ал сіздің деревнядағы мұжықтар бай емес пе? Анау  
Албантов күзде бір шараптың өзін жүз жиырма мыңға сатты.  
Сіз өзіңіз айтпадыңыз ба, әрбір мұжықта жиырма-отыз мың  
керенка ақшасы тығулы жатыр деп. Одан басқалары да жетеді.  
неше түлік малдары бар. Саяжайдағы біз оларға қайдан  
жетейік?

– Жоқ, мұжықтар байға жатпайды.

– Неге жатпайды? Әне, сіздің әкеңізде – екі ат, екі сиыр,  
қаншама қаз, шошқа, жиырма шақты қой... Айталық, біздің  
қазіргі ішіп отырған тамағымызға сіздер бір күн де шыдамас  
едіңіздер. Біздегі қазіргі байлар – сол мұжықтар ғана.

— Біз жұмыс істейміз. Ал саяжай иелері жаз бойы тырдай жалаңаштанып алып жағалауда жатады, сонсоң тауға барып гүл тереді.

Катя ыза болып кетті. Ол зиялы адамдардың еңбегі туралы, ол еңбектің ауырлығы туралы айта бастады. Содан кейін большевиктер адамдардың бірін-бірі қанауына жол бергісі келмейтінін, сол үшін жерді, өндіріс құралдарын еңбекшілердің игілігіне айналдыруды көздейтінін, біреуді біреудің тонауына жол бермейтінін түсіндіріп сөйледі.

Енді Иван Ильич кейіп, Катяға тиісті:

— Сен большевизмді қойып, социализмді айтып кеттің ғой. Ендеше, өзің Совдепиядан неге кетіп қалдың?.. Жок, Уляша, большевизмнің көздейтіні — нақ өзіңіз айтқандай: тона, көзіңе көрінгенді бас сал, сыбағанды жіберме! Жұмысты таста да, сенделіп жүре бер. Тек өз қара басыңды ғана ойла.

Уляша шай ішіп болды да, “рахметін” айтып, орнынан түрегелді.

— Папатайым айтып еді, ертеңнен бастап сүттің квартасы<sup>1</sup> үш сомнан болады деп.

Анна Ивановна екі қолын бірдей сермеді:

— Не деп тұрсың, Уляша-ау! Кеше ғана біржарымнан еді, енді екі есе қымбаттап, үш сомнан болып шыға келгені ме?!

— Сонсоң, бұдан былай сүтті апарып бермендер деді, өздеріңіз келіп әкетіңіздер. Уақыт көп кетеді, дейді.

Иван Ильич ендігі сөзді кесіп айтты:

— Жә, олай болса, сөздің керегі жоқ. Оншалықты ақша төлемейміз. Керек емес. Өздерің-ақ ішіндер.

Уляша көзін бажырайтып, салмақтана жауап қатты:

— Біз қазір сүт ішпейміз: ұлы ғибадаттың кезі ғой.

Иван Ильич қарқылдап күлді:

— Сүт ішуге болмайды, ал жұртты тонауға болады екен ғой! Жок, Уляша, сізден айналып кетсе де болады-ау, тегі!

— Біз қаймақ, ірімшікті енді қалаға апарамыз.

— Мейілдерің, қайда апарсандар да.

Уляша қипақтай қызарақтап жымыған күйі:

— Сау болыңыздар! — деді.

— Сау болыңыз.

Катя дауысын созып реніш білдірді:

— Сөйтіп, сүтсіз қалдық па?!

Иван Ильич оған тағы да зекіп сөйледі:

---

<sup>1</sup> Кварта — сұйық заттың ескілікті өлшемі. Бір литрден сәл артығырақ — ред.

– Мен түсінбеймін, сен неменеге әлгі қыздың алдында большевизмді қорғаштай қалдың? Тапқан екенсің мақтайтын кезінді!

– Біліп қойсын идеядағы большевизмнің не екенін.

– “Идеядағы!..”. Өңкей төтенше шаралар, атып-асу, қайдағы бір хайуандық қылықтарды қоздыру – соны идея дейді ғой!

Екеуі шарт та шұрт болып, ызаға булығып салғыласып қалды. Ақырында Иван Ильич қолын бір сілтеп, төсек болмесіне кетіп қалды.

Барды да төсегіне жата қалып, газет оқуға кірісті. Ескілікті машықпен жарияланған хабарлар: ержүрек еріктілер бөлімдерінің жеңістері туралы – “күні бұрын ойластырылған жоспар бойынша сексен шақырым кейін шегініпті; Қырымның бас қолбасшысы сұхбат беріпті – Қырымға большевиктерден ешқандай қауіп төніп тұрған жоқ деп, тағы бір жүйе хабарларға қарағанда, наразы болған әскерлер Троцкийді өлтіріп тастапты, бүкіл Ресейде шаруалар көтеріліске шығыпты, Кремльде Лениннің қашып кетуіне деп әрдайым аэроплан әзір тұратын көрінеді. Осылардың біреуіне сенуге болмайды, бірақ әйтеуір жақсы лепес, оқығанда көңілге жақсы.

Иван Ильичке деревнядан жеңіл арбамен болгардың бір сұлу жігіті келді: әйелі босанған екен, қан кетіп жатыр дейді. Иван Ильич жүріп кетті. Нәрестенің жолдасы түспеген екен. Иван Ильич қанды тоқтатудың әлегімен біржарым сағаттай айналып қалды. Қоштасарда болгар жігіті қысыла-қымтырыла Иван Ильичтің қолына бір қағаз ұстатты да:

– Мына бір азғантайды ала кетіңізші, – деді.

Иван Ильич үйге қас қарая қайтқан. Катя:

– Қанша төледі саған? – деп сұрады.

– Туу, шаруақор бола қалғанын-ай! Жұрттың бәрінің көкейінде қазір ақша!

– Жок, шын айтамын, – қанша?

Иван Ильич самарқауланып жауап қатты:

– Үш сом.

Катя “ah” деп қалды.

– Нанның қадағы жетпіс бес тиын! Сонда төрт қадақ нан болғаны ғой, ескі ақшамен жиырма тиын. Қайтіп ұялмады екен! Бұлар кәдімгі Албантовтар ғой, деревняның ең бай адамдары. Күзде олар бір ғана шараптың өзін жүз жиырма мыңға сатты. Дәрігерге ақыны осылай төлегені үшін қалайша ұялтып кетпедің?

Иван Ильичтің қайтарған жауабы әрі кесімді, әрі келге болды:

— Мұндай нәрсені саудаға да салмайды, бұл жөнінде саудаласып та жатпайды. Оны қояйық.

— Ие, бұл оларға пайдалы! Өздері бір шөлмек сүтке біржарым теңге алады, ал дәрігерге төлейтіндері үш сом. Нағыз қанаушылар деп соларды айт!

— Марфа, Марфа! Араласпайтын жерің болмасын да! — Иван Ильич бір күрсінді де, бөлмесіне кетті.

Күннің ең қиын шағы басталып келеді. Керосин жоқ, жарық қылатындары — ағаштың майы: май құйған стаканның ішінде білте өткізген тығын қалқып тұрады. Әлсіз шырақтан жай ғана жарық болады. Оқуға да, жұмыс істеуге де жарамайды. Анна Ивановна үстелдің қасында бірдеңе тоқып отыр, көзілдірігін маңдайына қарай көтеріп тастап, қабағын түйіп алған. Бір кезде революционер әйел еді, қазір көдімгі кемпірдің өзі, бұрынғыдан қалғаны доңгелек үлкен көзілдірік пен құдайға сенбейтін әдеті ғана. Иван Ильич ылажсыз қол бостықтан іші пысып, аядай тосек болмеде ерсілі-қарсылы жүр. Темір пеште маздап жанған оттан үй ішіне қапырық ауа тарайды. Үйдің төбесінен терістіктің ызғырық желі естіледі, теңіз долданып, ауыр толқындарын жағаға гүрс-гүрс ұрғылайды. Катя ыдыс-аяқтарды жинастырып болып, ас үйдің арғы түкпіріндегі бұрындары қызметкер әйел жататын қуысқа кетті. Оның қысқы мекені сол болатын. Сонда барды да, көзін аямастан, қолына кітап алып, жалпылдақ шамға қарай тоне түсті.

Бұлар кешкі шайды ас үйде ішіп отырған. Кенет соның есігін тықылдатқан дыбыс естілді.

Иван Ильич өзі барып ашты.

— Ә-ә, профессор!

Әйелімен профессор кірді — атақты академик Дмитревский, ұзын бойлы, денесі тығыншықтай, қазанбас кісі. Физика жөніндегі еңбектері шет елдерде кеңінен танымал болған ғалым. Бұдан бір неше жыл бұрын күн қызуының күшімен теңіз суын тұшытудың әдісін ойлап тауып, енді сол әдісті арзандату жолында еңбек етіп жүр. Бірақ күрделі аспаптарының бәрі Ресейде қалып қойып, екінші жыл болды, Қырымдағы саяжайында тұрып, мұжықтардың ыдысын қалайылайды, тұтынушылардың дүкендеріне қаңылтырдан жалпылдақ шам істеп береді. Оның сыртында, айтқандай, аптасына екі рет қалаға барып, халық университетінде физикадан лекция оқиды. Сол лекцияларымен жұмысшылар арасында өте беделді.

Профессор аңқылдаған қою даусымен бүкіл ас үйді жаңғырқытырып сөйлей кірді:

– Туу, күннің райын-ай! Сіздерге зорға жеттік. Жел бастапқысынан да күшейіп кетіпті, тура кісіні мұрттай ұшыратын. Қар болғанда да жылбысы бірдене, жауған бойда қата бастайды... Gruss aus Rusland!<sup>2</sup>

Профессор ақбурыл сақал-мұртына қатқан мұзды түсіріп жатыр. Әйелі ауыр күрсінді.

– Ие, Gruss aus Rusland! Көзге елестетіп ақ түр: арқадан қысқан аяз, жұрттың бәрі бүрісіп, түтіндеген ыс бөлмелерінде сабан аралас қатқан нандарын кеміріп, тінту күтіп отыр дейсіз.

Катя үстел үстіндегі самауырды көтеріп алып, пештің қасына таман еденге қойды.

– Отырыңыздар, қазір самауырды қыздырамын.

– Қоя-ақ қойыңыз, біз ішіп келдік.

– Бәрі бір маған қайнаған су керек, тораиларға кебек бұқтырып беремін.

Профессордың әйелі плитаның қасындағы жайдақ орындыққа отырды.

– Мен бүгін қатты реніштімін, Анна Ивановна! Күні бойы жыладым... Ойлап қараңызшы, менің жақсы көретін бриллиант сақинам бар еді ғой, күйеуімнің үйленгендегі сыйлаған жүзігі – сол бүгін жоғалып кетті.

– Рас айтасыз ба, Наталья Сергеевна? Сіз оны қолыңыздан ешуақытта тастамайтын едіңіз ғой!

– Ие... Сондай түсініксіз! – Наталья Сергеевна кенет жан-жағына қаранып, дауысын бәсеңдете сөйледі. – Сіз княгиня Андожскаяны білетін бе едіңіз?

– Ол анау Бубликовтердің үйінде тұратын сұлу әйел ғой?

– Ие. Күйеуі теңіз офицері еді, революция кезінде матростар пароходтың қазандығына тығып ортеп жіберген, барлық имениелері тәркіленген. Өзі кішкентай қызымен, кәрі шешесімен Бубликовтердің үйінде тұрушы еді. Қолдағы бар дүниелерін сатқан, енді пәтер ақы төлемедіндер деп, тұрғын бөлмелерінен қуып жатса керек. Сорлаған-ақ әйел. Сол бүгін ертеңгісін біздің үйге келіпті, мен қамыр илеп жатқанмын. Қолымдағы сақинаны көріп, таң-тамаша болды. “Сонымен қамыр илеуге бола ма екен, – дейді. – Былғанған сақина тез бұзылғыш келеді!”.

Мен айтам: “Қорқамын, – деймін, – жоғалтып алам ба деп. Бұл маған өте қадірлі сақина”, – деймін. Сонымен, не керек, ол мені көндірді, сонсоң сақинаны қолымнан алдым да, туалеттің үстіне қоя салдым. Ширек сағаттан кейін әйел кетіп қалды, ал мен түстен кейін сақинаны іздегенмін –

---

<sup>2</sup> Ресейдің жолдаған сәлемі! (нем.).

жоқ болып шықты. Бүкіл туалетті тінтіп шықтым, барлық заттарды қозғадым – жоқ. Княгиня отырғанда күйеуім асханада еден жуып жатқан. Ол әйелдің туалеттің қасына келіп, бір түрлі жымысқыланып тұрғанын көріпті. Сіз бірақ, құдай үшін, біреуге айта көрмеңізші! – деді Наталья Сергеевна зәресі ұшып.

– Мүмкін, басқа біреу алған шығар?

– Басқа жан адам болған жоқ. Мен оған хат жазып қойдым, ертең таңертең жіберемін. Енді не істерімді білмеймін... Былай деп жаздым: Сіз менің сақинамның өзіме өте қымбат екенін білгендіктен, мені қорқыту үшін, ойнап, сақинамды алып кетіпсіз. Ойнап болған шығарсыз. Қайырым етіп, кері қайтарыңыз, дедім.

Катя қатты абыржып сөзге араласты:

– Жоқ, олай болуы мүмкін емес. Сырты сондай сыпайы, нағыз аталы ақ сүйекке тән мәдениеттің айқын таңбасы бар әйел!

– Ауыр жағдай! – деп профессор да тыжырынды.

– Тәңір-ай, бәріміз де көн терідей сірі боп қатып қалдық-ау! Кісі аштан өліп бара жатқан соң қайтсін!

Наталья Сергеевна жаны ашығандай бір күрсініп алды да, өз қайғысы өзінде болып отырып, сөзін жалғастыра берді:

– Сіздер естідіңіздер ме, кеше түнде Агапов үйінің терезелерін қиратып кетіпті. Жақында священниктің ас үйін біреулер өртеп жіберіпті. Мұжықтар сезген ғой большевиктердің жақындап қалғанын... Тәңірі-ай, ендігі күніміз не болар екен! Мен сондай қорқамын, сондай қорқамын! Біз күйеуімізбен екеуіміз саяжайда жалғызбыз, бұл – шал. Бізге білгендерін істей алады.

Катя шыдамсызданып, ерінін тістеніп алған, самауырға көмірді үсті-үстіне сала берді. Ол профессор әйелінің мынадай уайым төгіп зарланған сөзіне шыдай алар емес; ылғи болашақтан үркіп, зәре-зап болады да отырады, өзінің қайғы-қасіреті мен қауіп-қатерін жұрттан жасыруды да білмейді. Қазір осылай етуге бола ма екен?

Профессор Иван Ильичке қарай бұрылды:

– Деревняның қаңырап қалғанын байқалдыңыз ба? Жастар қотарылып тауға кетті. Бұл – өлкелік үкіметтің әскерге шақырғанына қайтарған жауаптары. Бірде-біреуі келген жоқ. Соларды жазалау үшін жабайылар дивизиясынан шешендерді жібереді деген қауесет бар, ең қатал шараларға бармақ болғандары ғой.

Иван Ильич қарқылдап күлді.

– Бұл е р і к т і л е р армиясының түрі ғой!

– Ие-е... Жағдай күн сайын мүшкілденіп барады. Таяуда деревняға большевиктердің үгітшілері келіпті дейді, шақыруға ешкім келмесін, қызылдың әскерлері Перекопқа жақындап қалды, енді екі жетіден кейін осында болады, депті дейді. Ал кеше лекцияға барғанда қаладан естіп келдім: Феодосиядағы пароход командалары көтеріліс жасап, өкімет билігін кенестерге беруді талап етіп жатса керек, Севастопольдегі айлақ жұмысшылары еріктілер армиясына арналған жүктерді түсіруден бас тартыпты да, большевиктердің келуін күтпей-ақ өзіміз күресті бастай беруіміз керек деген қарар шығарыпты дейді. Үгітші дегендері жер-жерде қара құрттай қаптап жүр.

Мазасызданып Анна Ивановна сөйледі:

– Феодосияға грек әскерлерінің десанты түсуге тиіс деп күтіп жүргендері қайда?

– Ие, солай еді, бірақ десант Константинопольге түсіріліпті. Онда революция болып, үкіметі қашып кетіпті ғой.

– Тәңірі-ай, дүние не болып барады өзі! – деді Наталья Сергеевна күйзеліп. – Одақтастар қайтіп бізді далаға тастап кетер екен?! Француздар Одессадан кетіп қалыпты дейді ғой... Менің ойымда бір-ақ нәрсе бар: большевиктер Қырымға келе қалса, – Митяның жайы қандай болады?

Иван Ильич ас үйдің ішінде әрлі-берлі жүрген. Үнжұрғасы түсіп, сөзге араласты:

– Ерікті армияға кетіп несі бар екен?

– Сіз өзіңіз білесіз ғой оны: барып тұрған бисаясат еді. Өзінің грек кітаптарымен кабинетте отыратын кісі ғой, ойлайтыны элевсин мистериялары мен қайдағы бір кабиралар болушы еді. Әскерге шақыру жариялануы мұң екен: – Немене, мен осылай бұқпантайлап, бұғып отыра беремін бе? – деп шыға келмесі бар ма? – Ол менің қолымнан келмейді, – деп қарап отыр.

Наталья Сергеевна ұлы жайында айта бастағанда, Катяның түсі бұзылып кетті. Ол немқұрайды қалыппен:

– Хат жазбағалы көп болды ма? – деп сұрады.

– Көп болды. Ылғи ұрыстың ішінде жүр. Оны ойласам-ақ жүрегім сыздап қоя береді!

Ас үйдің есігінен қатты тықыл естілді. Сөйткенше болған жоқ, алтын погондары жарқ етіп, жас жігіттің дауысы саңқ етіп естілді:

– Ар болыңыздар! Сәләматсыздар ма? Папам мен мамам сіздерде ме?



– Митя!

Бәрі ұшып түрегеліп, оған қарсы жүрді.

Тақыр бас, жел қаққан ашаң жүзді Дмитрий миығынан жымия күліп, үстелге келіп отырды да, алдына қойылған дәмді комағайлана ішіп-жеп, жан-жағына жайраңдап қарап отырып, әңгімесін соға бастады.

Олардың полкын тынықтыру үшін Жанкойға жөнелткен екен, бұл эшелонынан озып кетіп, осында келіпті. Ертең міндетті түрде кері қайтпақшы. Сөз арасында қайта-қайта Катяға қарайды да, дереу көзін тайдырып әкетеді. Наталья Сергеевна баласының қасына отырып алып, оған іші-бауыры елжіреп, мейірлене қарап отыр.

– Ал, ондағы жағдайларың қалай? Айта бер.

– Ойбай-ау, айтпақшы, мына сіздердің араларыңыздағы тылда “жолдастар” жайлап жүр екен ғой; жаңа, сіздерге келе жатқанда, соңымнан қуып бергені. Қарсы әрекет ететін барлаушылар Кадыкойдың саяжайында бір топ қарақшыларын ұстапты. Өздерінің астыртын съездерін өткізіп жатса керек. Жаңа бір екеуі дәл қасымнан жолды кесіп, тауға қарай жүгіріп өткен. Мен байқамай қалыппын. Бұрылыста біздің адамдарды коргенде ғана білдім. Бірақ арттарынан бір-екі рет атып қалып едім, бір жолдасқа тигіздім-ау деймін. Ақсандап басып, әрі қарай қашып кетті.

Катя Дмитрийге баспақтап қарап қояды. Озі өзгеріп кетіпті: бір түрлі дөрекіленіп, қимыл-қозғалысында, сөйлеген сөзінде анайылық бар, адамдардың соңына түсіп, қуғынға қатынасқанын айтқанда қымсынбайды.

– Туу, қандай жауынгер болып кеткенсің!

Профессор сөзге килігіп кетті:

– Армиядағы жағдайларың қалай?

– Бар ғой, папа, айтуға ұят, бірақ шыны сол: ондағы бізден гөрі мында сіздер көбірек біледі екенсіздер.

– Жок, менің сұрап отырғаным ол емес. Армиядағы саяси ахуалды айтамын. Өздерің, анығын айтқанда, не үшін соғысып жүрсіндер?

Дмитрий тосыла жауап берді:

– Әр қалай. Қаны тамған қаражүздік бөлімдер де бар! Олардың арманы – бұрынғыларды қайтарып алу – мәселен, құрама гвардия полкы, жоғарғы командирлер жағы. Ал жас офицерлер, әсіресе жаңадан барғандары, түгелдей құрылтай жиналысын шақыру жағында.

Иван Ильич өзінің қарқылдаған күлкісімен бөлмені басына котерді.

— Сонда сендер қауызға алданып, торға түскен торғайдай құрамай қабамыз деп ойламай, шынымен сенесіздер ме?

Дмитрий қипақтап, сәл ғана езу тартты. Катя қайнаған суға кебек былғап, ағаш қасықпен араластырып жатқан. Дмитрий:

— Катя, сіз не істеп жатырсыз? — деп сұрады.

— Торайға быламық жасап жатырмын. Қазір барып тамақтандырамын. — Ол пальтосын киіп, басына орамал тартты. — Менің торайымды көргіңіз келе ме?

— Жүріңіз, барайық! Кәнеки, мен мисканызды алып барайын... Мама, біз қазір келеміз.

— Киініп шық, дала салқын ғой.

Жел гу-гу етіп, сым қоршауды жағалай өскен жабайы зәйтүн ағаштарын жапыра, саяжайдың қабырғасын ұрғылап түр. Теңіздің үстінен күңгірт тартқан жарықшақ ай көтеріліп келеді. Жердің бетіне қабыршақ мұз қатқан. Сол жылтыраған мұздақ арасынан былтырғы ескі шөптің бастары қылтиып көрінеді.

Катя мен Дмитрий саяжайдың сырт жағынан келіп кірді. Шатырдағы шағын үйшікке көтерілетін баспалдақтың астында кішкентай шолан болатын, содан мазасыздана қорсылдап, шарылдаған дыбыс естілді.

— Кәне, мисканы беріңіз. — Катя есікті ашып, мисканы ұстаған бойы қараңғы шоланның ішіне көрінбей кетті. Оның күле сойлеген дауысы естіледі: — Тұра тұр, ақымақ! Ой, құдай-ай! Мисканы төңкеріп тастайсың-ау!.. Әрі кетші өзің. Ал, же!

Қыз шоланнан шықты. Дмитрий оған екі қолын бірдей ұсынды.

— Ал, Катя, сәләматсыз ба?!

Жігіт қыздың қолдарын қатты қысып, ажарланып кеткен жүзіне тесіле қарады.

— Катя, оңгіменізді айтыңызшы, қалай тұрып жатырсыз?

— Қалай дейсіз бе? Менің жағдайым қашанда жақсы ғой. Кейін тойдырып жүрмесе, қазіргінің бәрі қызық. Мына торайға дейін, — бәрі жаңа, бәрі күтпеген нәрселер, мен шошқаны сондай ақылды болады деп ойламаған екенмін. Тауық болса, жұмыртқасын басып жатыр. Мен кір жуудың жаңа әдісін ойлап таптым. Ал ас үйде тамақ пісірудің өзі де өте қызық екен. Сіз білесіз бе, — тыңдай білген кісіге әр нәрсенің өз дауысы бар. Плитала тұрған әрбір кәстрөлдің, әрбір табаның өзіндік үні болады екен. Мен сүттің қайнағанын, ботқаның бөккенін қарамай-ақ білемін.

Солардың шуылынан, бүлкілінен шыққан кәдімгідей тірі дауысты естудің өзі бір керемет нәрсе. Жаңадан бір тағам түрін ойлап тапсаң, ол да қызық. Уақытты сезбей қаласың. Күн дегенің сағаттың тілі сияқты, — зу етеді де өте шығады.

Дмитрий оған үнсіз сөйлеп тұрғандай әсерлі қозбен жымия күліп қарады.

— Сізге қарап тұрып, есіме Паскаль түсті ғой. Ол айтады: біздің ақыл-ойымыз әруақытта да өткен шақ пен болашаққа ғана қарайды, қазіргі жағдайды біз ешқашан да ойламаймыз; сондықтан да біздікі ешуақытта да өмір емес, өмір сүреміз деген үміт қана, — дейді... Ал сіз қазіргінің бәрін өмір деп қабылдай біледі екенсіз. Бұл сирек кездесетін жағдай!

— Жә, Дмитрий, мұның бәрі жай нәрселер ғой. Көне, өз жайыңызды айтыңызшы. Шыннан. Не болып жатыр сіздерде?

— Бізде ме?.. Өте жаман, Катя, өте жаман, одан жаман болуы мүмкін емес! Еш жерде ешқандай тамыр тартқан нәрсе жоқ, халық бізге жауығып алған, большевиктердің ошпенділігі бойларына әбден сіңіп, тіпті жабайыланып кеткен; қоздері де, аяқ-қолдары да ашқарақ аңнан аумаиды, — бар білетіндері — көздеріне көрінген нәрсенің бәрін жыртып, өздеріне қарай жұлқылау. Осыны көріп, өзің де жабайыланып барасың. Айналаның бәрі аққан қан, былжыраған ылас. Жасыл қалпақты жарқыраған шам, Эсхил, Гераклит, мен үшін теңдесі жоқ Эрвин Роде, Виламовиц дегендерің баяғыда өтіп кетіп, алыста қалған нәрседей елестейді. Енді ешқашан, ешуақытта ешкімге керексіз болып қалған тәрізденеді. Шындап келгенде, мұның өзі мәдениетке қарсы, ең жоғары деңгейдегі рухани құндылықтарға қарсы жүргізіліп жатқан соғыс қой. Ғылымның орнына — “Правданың” публицистикасы, поэзияның орнына — Демьян Бедный, көркем сурет орнына — плакаттардағы қарындары қампиған поптар мен айуанға ұқсаған генералдар.

— Дмитрий, олай деуге болмайды. Мұның бәрі уақытша ғой.

— Уақытша? Мәдениет құрып барады, айналаның бәрін қиратып, өртеп, құлатып жатыр. Баяғыда Жаңғыру заманы болғаны маған не керек? Венера Милосскаяның қолдары жоқ, Фидийдің мүсіндері бассыз, Архилох, Сяфо, Гераклиттердің тамтығы ғана қалды. Ең жаманы, мен енді халыққа деген сенім атаулыдан айрылдым. Қазір оның шын бет-бейнесі ашылды — топас, ашқарақ, катал бейнесі. Жан дүниелері неткен саңылаусыз саппастық, неткен тұрлаусыздық! Ол үшін ең қымбатты, ең қасиетті ұғым — құдайы болса, енді соның да бетіне түкіріп тасталды. Ал өзі болса, тайтұяғын бастыра

киіп алып, ысқыруды ғана, шыртылдатып шекілдеуік шағуды ғана біледі. Енді оның жан дүниесіне күндердің күнінде Рублев, Васнецов, Нестеровтер не айта алады?

Аспанда ұйқы-тұйқы болған түйдек бұлттар үн-түнсіз зымырап, әлде қайда жөңкіліп барады. Үйдің бұрышынан құтырынған жыртқыш құстай жұлқынып соққан жел бұл екеуінің ту сырттарынан итермелеп, үйеңкі мен терек ағаштарының мұздақ бұталарын өршелене сілкілей бастады.

— Сізге салқын емес пе, Дмитрий? Шыннан да, кісінің кеткісі келмейді, ие?

— Мейлі, салқын болса — бола берсін.

— Онда былай етейік. Террасқа барайық. Оңтүстікке қарайды ғой, ол жер ық болар.

Терраста орындықтар жоқ екен, саяжайдың үлкен үстелі ғана тұр. Үстел үстінде қатқан кесек балшықтар, қираған саяжай құмыраларының сынықтары, ұйысқан жөкелер ыбырсып жатыр. Желдің гуілі бәсендеу естіледі екен, бірақ есесіне теңіз күркіреп тұр. Айдың көкшіл-бұлыңғыр сәулесінде айдыңның ақжал таулары теңкиіп-теңкиіп дәл террастың түбіне дейін келеді де, әлде қайда бір тұңғиыққа құлап кетіп жатқандай көрінеді.

— Дмитрий, олай болса, солармен бірге неге жүрсіз? Солардың не үшін күресетінін қалай сезінбейсіз?

Дмитрий жауабы ызалы естілді:

— Мейлі, не үшін күрессе де бәрібір! Кіммен жүрсем де, мына сұмырайларға қарсы болса болды!.. Ой, Катя, мына түкпірде жатып, сіз оларды білмейсіз ғой. Егер өз көзіңізбен көрсеңіз, дүниенің бәріне қарғыс айтар едіңіз... — Дмитрий ентігіп үнсіз қалды. — Мен ешкімге айтпасын деп едім, бірақ сізге айтайын. Бірақ еш адамға тіс жармаңыз. Мен анау Агаповтарға өлген ұлдары Марктін кейбір заттарын ала келдім. Ие, ол өлді. Бірақ қалай өлді деңіз... Татарканың түбінде соғысқанбыз. Алдыңғы жақта бізге қарай ентелеп матростар келеді, өңкей былғары куртқалы, — герман үлгісімен тығыз сап түзеп алған. Әділін айту керек, пулеметтен жауған оқтың астында. Кешке таман бізді талқандап, қуа жөнелді. Ротамыздың командирі аяғына оқ тиіп, құлап түсті де, бізге қолын бір сілтеп, өзіне музыкалы олім жасады.

— Ол не нәрсе?

— Қол гранатын бастың астына тосеп, капсюлінен тартып қалу да, тарс еткізу!.. Бізде осыны музыкалы өлім деп атайды. Аналардың қолына тірідей түспеу үшін... Біз жан-жаққа тым-тырақай қаштық. Алдында бір тыраштанған еркек тачанкамен

келе жатыр екен. Революермен маңдайынан тарс еткіздім де, пинжағын, шалбарын шешіп алып, үстіме киіп алдым. Сонан соң бөктермен жүгіре жөнелдім.

Катя ыршып қалған.

– Тағы бір ренжитін ретіңіз келді! – деп күлді Дмитрий. – Бір кезде қарасам, сүрініп-қабынып Марк келеді. Шынтағынан талқандалған бір қолын екінші қолына асып алыпты. Ертіп алдым. Түн болып қалған. Алыстан иттің үргені естіледі, жарық көрінді. Абайлап жақындай беріп едік. Кенеттен: “Тоқта! Бұл кім келе жатқан?” – деген дауыс естілді. Бізді ұстап алып, айдап өкетті. Теміржол бекеті екен, зал іші лық толы матростар. Алпамсадай, өзі жұп-жуан бір матрос, – мен қолтығынан ғана келетін шығармын, – қасыма таянып келді де: “Кімсің?” – деді. – Қаланың тоғышарымын, деймін мен, Мелитопольден. Мына кісі жаралы екен, кездесіп қалған соң ертіп келемін, кім екенін білмеймін. – “Ә-ә, – дейді ол, мәртебелінің өзі екен ғой!”. Сойтті де, бұрыла беріп, Маркті құлағының тұсынан қонжита соғып жіберді.

– Жаралы күйінде ме?

– Жаралы күйінде. Біреудің жұдырығынан, біреудің тепкісінен бүкіл залдың бойымен домалап жүре берді. Жаралы қолы шошаң-шошаң етеді, өзінің өкірген дауысы өңменнен өтеді, бар ғой; ұрып өлтіргелі жатқан аңның азынағаны қандай болушы еді, дәл сондай.

Катяның ыңырсыған дыбысы естілді.

– Айтпанызшы!

Дмитрий елең етпестен айта берді:

– Аздан кейін үні өшті, ал денесі әлі де бұрыштан бұрышқа қарай мөңкіп домалап жүр. Зыңдей ауыр етіктерімен екпіндетіп келіп тура беттен тебеді, қарқылдаған күлкі, былш-былш балағат сөздер... Жаңағы жуан менің қасыма келіп: “Кәнеки, жолдас, бермен жақында!” – деді. Желеткамның ішкі қалтасынан ақшалығымды алып шықты. Ішіндегі поручик Дмитревский деген куәлігімді көрді де, орала беріп, періп кеп жіберді. Әр жағында не болғанымды білмеймін... Есімді жисам, кассирдің кішкентай бөлмесінде жатыр екенмін, билет сататын кассаның тесігінен залдағы жарық сәуле көрінеді. Қасымда Марк жатыр, бет-аузы қап-қара, күп болып ісіп кеткен, көздері бозарып ашық қалған, дем-тынысы бітіпті. Өз денемді байқап көрсем, қол тигізбейді, бірақ сүйектерім аман сияқты. Алыстан естілген мылтық дауысы, біртіндеп жақындап келеді. Пулемет сартылдап, қираған терезенің сыбдыры естілді. Алас-бұлас, матростар еденге жата қалысты. “Бұл жаңылыс болды! Біз өз адамдарыңбыз!” Комиссар телефонға жүгірді. Кенеттен: “Ура!” Жок, “өзіміз”

емес... Залда қол гранаты гүрс етті де, матростар орындарынан ұшып тұрып, терезеге қарай жүгірді. Тарс-түрс атыс, шам жерге құлап түсіп, сөніп қалды. Есік ашылып, біз жатқан бөлмеге екі адам кірді. Біреуі қалтаға салатын электр фонарінің түймесін басып қалып еді, сәулесі өзінің жеңіне түсті, — адамның қу басы мен айқасқан екі қылыштың суреті көрінді. “Марқашылдар!..” Айқайламақ болып едім, дауысым шықпайды, ыңырсығаным ғана естілді. Әлгілер кейін кетті. — Мырзалар! Мында әлі жо л д а с т а р жатыр! Мен бар күшімді жинап дауыстадым: “өзіміз! өзіміз!” Содан кейін тағы да естен танып қалыппын.

Дмитрий үнсіз қалды. Катяның денесі қалш-қалш етеді.

Жел азынап, тобені ұрғылайды. Дәу-дәу толқындар жағаға қарай ентелеп, көбік шашып келіп, гүрс-гүрс, тарс-тарс етіп құлайды да, солығы басылып, кейін қарай сырғанап кетеді.

— Ал енді, Катя, өзіңіз ойлап көріңіз...

— Үндемеңізші... — Катяның бұлдыраған көздері жан-жақты шолып кетті. — Бұл немене айнала сыңғырлап кеткен? — Сондай нәп-нәзік дыбыс?

Дмитрий оған аңырып қарады.

— Мен естігенім жоқ. Теңіз ғой гуілдеп жатқан.

Катя қайталап айтты.

— Жоқ, басқа бір дыбыс. Шыны сияқты, бір түрлі өзгеше.

— Ие, шыннан да.

— Е, аналар екен ғой! Ағаштың бұталары ше, мұз қатып, сылдырап тұрған... Қандай қызық!

Бұлар жақтауға жақындап келді. Үйенкінің бұтақтарын бунақтап қатқан мұз желдің күшімен тербеліп, бір-біріне соғылғанда, солардан естілген баяу, нәзік дыбыс, хрустальдың сыңғырындай ауада тербеліп тұр, теңіздің мыс қазандай даңғырынан мүлде өзгеше.

— Жүрейік, — деді Катя.

Бұлар жүріп кетті. Үйдің тасасына келгенде, теңіздің өкіргені баяулап, жанағы жұмбақты нәзік шыны сыңғыры бүкіл бақ ішін өсем үнге бөлегендей болды.

Катя тұра қалды.

— Дмитрий! — қыз екі иінінен дем алып, оған қадала қарады. — Митя! Менің сүйіктім-ау! Сенің ол жақта көріп жүргенің сондай екен ғой...

Қыз кенеттен оны мойнынан орай құшақтап, қатты сүйіп алды.

— Катя!

Қыз оның иығына басын сүйеп жабыса бергенде, бұл оның суық сорып, қызара нұрланған жүзіне қарап тұрып, ернінен, көзінен қайта-қайта сүйді.

Катя ағаштардың арасына тартылған арқандарға аппақ болып жарқырап ашылған жыртық кірлерді асығыс жайып жатыр. Батыстан құрғақ, жылы жел соғады; жер де, бұталардың, ағаштардың сыйдиган бұтақтары да, — айналаның бәрі-бәрі дымқыл, күннің көзіне жалт-жұлт етеді. Тек бұрыш-бұрыштарда, ескі шөптерді жапырып жылтыраған мұз қабыршақтары ғана қара көлеңкеде комескі жылтырайды.

Көп күттірген сылақшы Тимофей Глухарь Мишка деген ұлын ертіп, ақырында, келген екен. Иван Ильич сонымен келіскен түрі бар.

— Жарайды, елу сом. Бірақ әйтеуір бәрін де жақсылап сылаңыз, шатырдың қыштарын қажет деген тұстарында ауыстырыңыз. Шатыр әлі екі жылға шыдайды дейсіз бе?

— Бес жыл да тұрады, оған мен кепіл... Ақ керіш қайда? Мишка, жүр.

Олар ақ керішті езуге кірісті.

— Сізді большевик дей ме? — деп сұрады Иван Ильич.

— Қайдағы большевик, ол не дегеніңіз! Оңкей бұзық, алаяқтар ғой, — құдайға тоба, көрдік қой оларды.

— Алғашқы большевиктер тұсында революциялық комитетте болған жоқ па едіңіз?

— Зорлап апарды ғой, бармағанда не істейін? Бармасаң, нысанаға алды дей бер. Маған өз өмірім қымбат.

Иван Ильич осы сөзге елігіп, Ресейдегі большевиктердің айуандықтары жайында, деревнялардағы жазалау отрядтары туралы, жұмысшылар арасындағы ой бостандығын түншықтыру туралы, еңбек өнімділігінің құлдырағаны туралы, жаппай жалқаулық туралы әңгімелеп кетті.

Глухарь қостап қояды.

— Ол рас! Ие, әрине! Біздің халық қайсысына жетсін! Әр қайсысы өзіне қарай жұлып-тартып жатады.

Жас бала жігіт Мишка үнсіз кекесін мысқылмен тыңдап тұр.

Катя кірлерін тез жайып болып, Дмитревскийлердің үйіне қарай асыға басып жөнелген.

Профессордың әйелі Дмитрийдің жолына арнап шүрек пісіріп жатыр екен, профессор кабинетінде лекцияға әзірленіп отыр.

— Дмитрий қайда?

— Сарайда ағаш жарып жатыр, қазір келеді, — Наталья Сергеевна бір нәрсеге қатты алаңдаулы сияқты. — Кеше біз Митя екеуміз таңғы беске дейін отырып қалдық.

Есік қағылды. Аптыққан әйел дауысы естілді.

– Кіруге бола ма?

Наталья Сергеевнаның өңі күп-ку болып кетті.

– Княгиня ғой. Кеше таңертең анадағы хатты ақыры жібергенмін. Әй, құдай тағалам-ай!.. Кіріңіз, кіріңіз!

Бәйбіше қатты абыржып, аптыға есікке қарай кетті. Княгиня кіріп келді. Көзі аясынан шығып, бажырайып кеткен, кескінінде күлкінің ізі жоқ.

– Наталья Сергеевна! Сіздің түсініксіз хатыңызды мен жаңа ғана алдым... Басыңызға ондай ой қайтіп қана келді? Мен сізбен сүйтіп ойнармын ба?.. Барлық жерді дұрыстап қарадыңыз ба әуелі?

– Бәрін тінтіп шыққан сияқтымын.

– Ие, мен коргенмін, сақинаны туалеттің үстіне қойып жатқаныңызды. Туалетті жылжытып қарадыңыз ба?

Наталья Сергеевна да жауабын тез қайырды.

– Жоқ.

– Рұқсат болса, мен қарайыншы.

Княгиня туалетті жылжыта бастады. Наталья Сергеевна сол күйі қалшыып тұрып қалған.

– Бөсе, айтам ғой. Міне жатыр! Еденнің жақтауында, қоқыстың арасында.

Княгиня түрегеліп, сақинаны ұсынды.

– Ойпыр-ай, сол жерде жатыр екен-ау... Ие, ие.

Наталья Сергеевна сақинаны алды, бірақ княгиняның бетіне қарай алмады. Ол да қараған жоқ. Ал сөзі ширақ:

– Бәрекеңді! Бұған да шүкір! Көңілім орнына түсті ғой... Сізбенен осылай ойнайды деген ой сізге қалай келген. Әйтеуір мені ұрлықшы қылмағаныңызға тәуба! – деп әйел сықылықтап күлді.

– Ол не дегеніңіз, княгиня! – деп Наталья Сергеевна қысылып қалды.

Княгиня сәл-сәл отырды да, кетіп қалды. Кабинеттен профессор шықты да, табалдырықтың алдында тұрып қалды. Бәрі де үнсіз.

– Туалеттің артын қарап па едіңіз? – деп сұрады Катя.

Наталья Сергеевна суырыла жауап қайырды:

– Бәрін, бәрін қарағанмын! Бірнеше рет жылжыттым. Ешқандай қоқыс та жоқ ол жерде. Бәрін сыпырғанмын. Ал ол бірден тауып алды!

Профессор тыжырынып, қайтадан кабинетіне кіріп кетті. Террастан Дмитрий кірді.

– Ал, мама, саған тура бір айға жететін отын жарып бердім. Ә-ә, Катя келіпті ғой!.. Мама, біз қазір біраз жүріп қайтамыз.